**Бекітемін:**
**Мектеп директоры:**
**С.Е.Қабдрахманова**
**31 тамыз 2023 жыл**

**Келісемін:**
**Оқу ісінің меңгерушісі:**
**Г.А.Уткелбаева**
**«31» тамыз 2023 жыл**

**Қаралды:**
**Бірлестік жетекшісі:**
**Ж.Ж.Юкова**
**«25» тамыз 2023 жыл**

## 2023-2024 оқу жылына арналған тақырыптық - күнтізбелік жоспар

**Пәні: « Жаһандық құзіреттер»**

**Пән мұғалімі: Г.Қаратаева**

**2023 -2024 оқу жылында күнтізбелік –тақырыптық жоспарлар келесі нормативтік құжаттар негізінде құрастырылды:**

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы.
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
131-қосымша

# Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттер" курсының үлгілік оқу бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Жаһандық құзыреттер" курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

4. Курстың міндеттері:

1) білім алушылардың сыни және аналитикалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) ақпаратты тану, талдау, бағалау, дәлелдерді тұжырымдау, күрделі жағдайларды немесе проблемаларды түсіндіру қабілетін қалыптастыру;

3) өзінің мәдени ерекшелігін сезіну және әлемнің мәдени сан алуандығын, мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну білігінің дамуына ықпал ету;

4) әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара іс-қимылға құрмет пен ашықтық танытуға үйрету;

5) цифрлық ресурстармен, электрондық оқыту платформаларымен, интернетпен және веб-сайттармен жұмыс істеу қабілетін дамыту;

6) академиялық адалдық ережелерін сақтауға дағдыландыру.

5. "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі 10-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

**2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұны**

6. Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

7. Бірінші бөлімде білім алушылар "Жаһандық құзыреттер" ұғымымен танысады, жобалық жұмыстың тақырыптары мен мақсаттарын, жобалық топ мүшелерін, қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау және жинау, нәтижелерді ұсыну тәсілдерін айқындайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді, жобалық топ мүшелері арасында міндеттерді бөледі.

8. Екінші бөлімде жаһандық экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және басқа да мәселелердің негізгі түрлері қарастырылады. Жобалау жұмысы кезінде білім алушыларға зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі. Зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін білім алушылар халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды.

9. Үшінші бөлім аясында білім алушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуге, толеранттылық танытуға, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеуге үйренеді. Білім алушылар жобаның зерттеу міндеттерін жинауға және нақтылауға, кезең-кезеңімен орындауға кіріседі.

10. Төртінші бөлім білім алушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің әртүрлілігін түсінуін қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға бағытталған. Білім алушылар ақпаратты талдау, түйінді ойларды тұжырымдау және жобаны рәсімдеу бойынша жұмыс істейді.

11. Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Білім алушылар алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындайды, негізгі қорытындыларға талдау жүргізеді.

**1-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

12. Білім алушылар:

1) жаһандық мәселелерді зерттейді;

2) мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінеді;

3) басқа адамдардың дүниетанымдарын қабылдайды;

4) экологиялық тұрақтылықты насихаттау және сақтайды.

13. Білім алушыларда:

1) аналитикалық және сыни ойлау;

2) мәдениетаралық коммуникация;

3) икемділік;

4) жанжалдарды басқару дағдылар қалыптасады.

14. Білім алушылар:

1) ашықтық;

2) құрмет;

3) адалдық;

4) адамның қадір-қасиеті;

5) мәдени әртүрлілік құндылықтарын дамытады.

15. Білім алушылар:

1) басқа мәдениеттер өкілдеріне ашықтық;

2) басқа мәдениеттер мен мәдени айырмашылықтарды құрметтеу;

3) көзқарастар кеңдігі;

4) жауапкершілік;

5) бейімделу қасиеттерін көрсетеді

16. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттер" курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

**2-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған "Жаһандық құзыреттер" курсының үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

17. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар, тақырыптарды игеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары крсетілген.

18. Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте алады, сынып ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерді және оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып өзгерістер енгізе алады.

**Күнтізбелік - тақырыптық жоспар**
**"Жаһандық құзыреттер" курсы**
**10 А, Ә сыныптар**
**( Аптасына: 1 сағат, барлығы: 34 сағат )**

| Р/с | Бөлім/тақырыптар | Сабақтың тақырыбы | Оқу мақсаттары | Сағат саны | Сыныптар 10 А | 10 Ә | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Жаһандық құзырет тіліктер** | Жаһандық құзыреттіліктер дегеніміз не? | - Жаһандық мәселе ні зерттеу үшін зерт теу тақырыптары мен мақсаттарын анықтау;<br>- жаһандық мәселе лер бойынша көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру;<br>- дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелде мелерді таңдау;<br>- баламалы көзқарас тарды қарастыру және талқылау. | 1 | 1.09 | 1.09 | |
| 2 | | Жаһандық Құзыреттілік тердің маңыздылығы | | 1 | 8.09 | 8.09 | |
| 3 | | Жаһандық құзыреттілік терді дамыту жолдары | | 1 | 15.09 | 15.09 | |
| 4 | | Жобалау жұмысы. Дайындық және жоспарлау | | 1 | 22.09 | 22.09 | |
| 5 | **Жергілікті, жаһандық** | Жаһандық Проблемалар | - дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелде | 1 | 29.09 | 29.09 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **және мәдени маңызды мәселелерді зерттеу** | дың түрлері | мелерді таңдау;<br>- дереккөздердің күшті және әлсіз жақтарын бағалау;<br>- жаһандық мәселе бойынша өз көзқарасыңызды және оның қалай дамығанын сипаттау;<br>- дәлелдерді, себептер мен мәлімдемелерді растау үшін дәлелдемелерді зерттеу және талдау. | | | | |
| 6 | | Әлеуметтік мәселелер | | 1 | 6.10 | 6.10 | |
| 7 | | Әлеуметтік теңсіздік жаһандық проблема ретінде | | 1 | 13.10 | 13.10 | |
| 8 | | Әлеуметтік теңсіздік. Себептері | | 1 | 20.10 | 20.10 | |
| 9 | | Әлеуметтік теңсіздікті жеңу жолдары | | 1 | 27.10 | 27.10 | |
| 10 | | Қақтығыстар. Ұғымы. Түрлері | | 1 | 10.11 | 10.11 | |
| 11 | | Жанжалдарды шешу жолдары | | 1 | 17.11 | 17.11 | |
| 12 | | Экологиялық мәселелер | | 1 | 24.11 | 24.11 | |
| 13 | | Климаттың өзгеруі | | 1 | 1.12 | 1.12 | |
| 14 | | Ауаның ластануы | | 1 | 8.12 | 8.12 | |
| 15 | | Судың ластануы | | 1 | 15.12 | 15.12 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | | Жердің ластануы | | 1 | 22.12 | 22.12 | |
| 17 | | Жобалау жұмысы. Зерттеу | | 1 | 12.01 | 12.01 | |
| 18 | **Әртүрлі дүниетаным дар мен көзқарастар ды түсіну және құрметтеу** | Дүниетанымды түсіну | - жаһандық мәселе лер бойынша көзқа растарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру;<br>- бастапқы және қайталама дереккөз дерден дәлелдеме лерді жинау, жазу және талдау;<br>- өз көзқарасын не гіздеу үшін себеп тер мен дәлелдер келтіру;<br>- дәлелге немесе проблемаға қатысты ақпарат пен дәлелде мелерді таңдау;<br>- дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру. | 1 | 19.01 | 19.01 | |
| 19 | | Басқа адамның көзқарасын қабылдау мүмкіндігі | | 1 | 26.01 | 26.01 | |
| 20 | | Өзге де мәдениеттерді білдіретін адамдарға құрмет көрсету | | 1 | 2.02 | 2.02 | |
| 21 | | Төзімділік: бір-бірімізді түсінуге үйрену | | 1 | 9.02 | 9.02 | |
| 22 | | Жобалау жұмысы. Зерттеу | | 1 | 16.02 | 16.02 | |
| 23 | **Мәдениет тер арасындағы** | Мәдени сәйкестікті қалыптастыру | - дәлелдердің, мәлімдемелердің, себептер мен дәлелдемелердің негізгі элементтерін анық | 1 | 23.02 | 23.02 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | **ашық және тиімді өзара іс-қимылға қатысу** | Өзін, мәдениетін және басқа мәдениеттерді тану және қабылдау | тау және бағалау;<br>- бастапқы және қайталама дәлелдемелердің әртүрлі түрлерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау және бағалау;<br>- дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру;<br>- құрылымды сақтай отырып, ақпарат пен дәлелдемелер ұсыну;<br>- одан әрі зерттеу саласын анықтау (жетілдіруді ұсыну) | 1 | 1.03 | 1.03 | |
| 25 | | Әр түрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі | | 1 | 15.03 | 15.03 | **8 03** |
| 26 | | Мәдениетаралық коммуникация | | 1 | | | |
| 27 | | Мәдениетаралық коммуникациядағы стереотиптер | | 1 | 5.04 | 5.04 | |
| 28 | | Жобалау жұмысы. Қорытынды | | 1 | 12.04 | 12.04 | |
| 29 | | Жобалау жұмысы. Қорытынды | | 1 | 19.04 | 19.04 | |
| 30 | **Ұжымдық игілікке жәрдемдесу және тұрақты даму** | Ұжымдық әл-ауқат пен Тұрақты дамудың маңыздылығы | - аргументтің немесе тұжырымның салдарын/ әсерін анықтау және бағалау;<br>- өз көзқарасын негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру;<br>- презентацияның әртүрлі формаларын қолдана отырып, | 1 | 26.04 | 26.04 | |
| 31 | | Жергілікті, ұлттық және жаһандық | | 1 | 3.05 | 3.05 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бастамаларға белсенді қатысу | жаһандық көзқарас тарды ұсыну; | | | | |
| 32 | | Жаһандық азаматтық | - құрылымды сақтай отырып, ақпарат пен дәлелдеме лер ұсыну | 1 | 10.05 | 10.05 | |
| 33 | | Жобалау жұмысы | | 1 | 17.05 | 17.05 | |
| 34 | | Жобалау жұмысы | | 1 | 24.05 | 24.05 | |